

# Ертіс діндары

Сәуір 2000 №7-8

1999- жылғы желтоқсанның 30-нан бастап шығатын Павлодар облыстық газеті

### Пілейміз ағамызға ұзақ ғұмыр

Ертіс өңірінің және алаштың зиялды азаматтары турасында бірнеше кітабы жарық көрген Аскарұлы Ханафия ағамызға

Армысыз, Хана аға, ардақтаған,  
Жансыз фой бұл күндері ел мақтаған.  
Сексеннің асқарына шықсан дағы,  
Бойына күш-куатын мол сақтаған.

Ансаған арманың аға жеттің,  
Өрендерін елінің жыр ғып шерттің.  
Бірер жылда төрт кітап тәмам етіп,  
Оқырманға мол қазына тарту еттің.

Дауылпаз Құдайберген, Иса дүлдүл,  
Перзенттері Ертістің бұл қос бұлбұл.  
Шежіресін солардың хаттап жинап,  
Кейінгіге жеткіздің өте асыл пұл.

Зиялдысын алаштың тағы жазып,  
Теріпсіз асылдарын жазбай танып.  
Саңлақ ақын Арқада Олжабай да  
Кітабынан өзіндік орын алып.

Жазыпсыз тамсандырып ұлы Абайды,  
Жүрміз фой арман етіп Абылайды.  
Тыныштық, ауызбірлік, өділетті,  
Баса айтқанды бүтінде жүрт қалайды.

Тілім, ділім дегенде, Сіз-данасыз,  
Айшықтап сөз маржанын колданасыз.  
Желтоқсан құдіретін күнге балап,  
Алашым, Астанам деп толғанасыз.

Азаматсыз, Ханеке, көпті көрген,  
Өнеріне Мұза ағаң баға берген.  
Біз дағы қосыламыз бұл құрметке  
Ағайын, жолдас- жора қасыңа ерген.



Айтып ең анада бір шабытың кеп,  
Бабалар шежіресін жазамын деп.  
Тарихын туған жердің қасиетті,  
Білмейтін бүгін елде азамат кеп.

Хана аға, басылмасын серпініңіз,  
Армансыз фой артында қалдырған із.  
Мақсаттарға көзделеген жете бергін,  
Ұзақ ғұмыр тілейміз, жасаңыз жүз.

*Murat Ebdrakhmanov*